

**"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы"
"Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 бұйрығына N 3 өзгеріс пен
толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 25 қарашадағы N 27 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 20 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2094. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" қаулысының қабылдануына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.

Министр

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а ж ә н е б ю д ж е т т і к
ж о с п а р л а у М и н и с т р л і г і н і н
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 м а у с ы м д а ғ ы*

N 75 бұйрығына қосымша

*Б і р ы ң ғ а й б ю д ж е т т і к с ы н ы п т а м а с ы н
б е к і т у б о й ы н ш а б ұ й р ы қ т і з б е с і*

34. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 25 қарашадағы N 27 (тіркелген N 2094) "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы бұйрығына N 3 өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" бұйрығы...

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік с ы н ы п т а м а с ы н д а :

бюджеттік шығыстардың функционалдық сыныптамасында:

"Қолданылу мерзімінің аяқталуы" бағанындағы 006 "Мемлекеттік мекемелер кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау" кіші бағдарламасы бойынша 010 "Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау" бағдарламасындағы 212 "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" бағдарлама әкімшісі бойынша 5 "Қосымша кәсіби білім беру" кіші функциясында 4 "Білім беру" функционалдық тобында "01.01.02" деген сандар а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

13 "Өзгелер" функционалдық тобында 3 "Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау" кіші функциясында 233 "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі" бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы 083 бағдарламасымен толықтырылсын:

"083 "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ несие ресурстарын толықтыру".

2. Бюджет саясаты және жоспарлау департаменті (Б.Т.Сұлтанов) Құқықтық және ұйымдастыру жұмысы департаментімен (Е.Е.Исаев) бірге осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2002 жылғы 1 қазаннан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр